

Инвестициялық мақсат

iX US Aggregated Bonds SPC Limited Exchange Traded Notes – Bloomberg Barclays US Aggregate Bond Index индексінің динамикасын қайталау үшін арнайы мақсаттағы компания шығарған биржалық облигациялар.

Bloomberg Barclays US Aggregate Bond Index индексіні қайталауға iShares US Aggregate Bond UCITS ETF (LSE: “IUAA”) акцияларына иелік ету арқылы қол жеткізіледі. Арнайы мақсаттағы компания болып табылатын эмитент иелік ете алатын активтің жалғыз түрі - бұл iShares US Aggregate Bond UCITS ETF акциялары мен оған қоса аздаған ақша сомасы. Арнайы мақсаттағы компания болып табылатын эмитент шығарған міндеттемелердің жалғыз түрі - бұл осы биржалық облигациялар. Тиісінше, актив (iShares US Aggregate Bond UCITS ETF) құнының кез келген өзгерісі биржалық облигациялар құнының автоматты түрде өзгеруіне әкеледі.


Бағалы қағаздың түрі	Exchange Traded Note – биржалық облигация
Бағалы қағаздың сыныбы	Борыштық бағалы қағаздар
ISIN	KZX000000245
Листинг	Astana International Exchange (AIX)
Базалық валюта	USD
Репликация түрі	Физикалық
Купон/Дивидендтер	Жоқ, барлық табыстар қайта инвестицияланады
Жалпы шығыстардың коэффициенті	0,5%
Юрисдикция	АХҚО
Кастодиан	Raiffeisenbank, Ресей
Аудитор	Crowe Audit Astana LLP, Қазақстан

Негізгі артықшылықтары

- Bloomberg Barclays US Aggregate Bond Index индексіне кретін облигациялардың әртараптандырылған портфелінің динамикасына инвестициялау мүмкіндігі;
- Бір биржалық облигацияның барынша аз құны;
- Базалық валюта - АҚШ долларлары;
- Қазақстан резиденттері - облигация иелері үшін салықтық жеңілдіктер.

Өзекті деректер
2020 жылғы 30 қараша бойынша

Шығарылым мөлшері, USD	231,483.80	Шығарылған биржалық облигациялардың саны	39,135
Бір биржалық облигацияның таза құны, USD	5,92	Таза құнның өзгерісі (01/01/20 - 30/11/20),%	+7,05%

IXA vs. US Aggregate Bond ETF


Инвестициялық мақсат

iShares US Aggregate Bond UCITS ETF (LSE: “IUAA”) туралы ақпарат

iShares US Aggregate Bond UCITS ETF инвестициялық рейтингі АҚШ долларындағы мемлекеттік, квазимемлекеттік, корпоративтік және секьюриттелген облигациялардан тұратын индекстің көрсеткіштерін қадағалап отыруға ұмтылады.

- 2020 жылғы 10 желтоқсан бойынша iShares US Aggregate Bond UCITS ETF таза активтері - USD 2,201,874,473
- 2020 жылғы 10 желтоқсан бойынша iShares US Aggregate Bond UCITS ETF акцияларының барлығы - 374,188,489
- Салымдар саны - 5,920

iShares US Aggregate Bond UCITS ETF туралы анағұрлым толық ақпарат - <https://www.ishares.com>

Активтердің сыныбы	Акциялар
Листинг	London Stock Exchange
Базалық валюта	USD
Репликация	Физикалық
Бенчмарк	Bloomberg Barclays US Aggregate Bond Index
Жалпы шығыстардың коэффициенті	0,25%
Купон/Дивидендтер	Жоқ, барлық табыстар қайта инвестицияланады
Басқарушы компания	BlackRock Asset Management Ireland Limited
Кастодиан	State Street Custodial Services (Ireland) Limited

iShares US Aggregate Bond UCITS ETF артықшылықтары

- АҚШ долларымен номинирленген инвестициялық деңгейдегі облигациялардың кең нарығына әртарапандырылған қолжетімділік;
- Мемлекеттік, квазимемлекеттік, корпоративтік және секьюриттелген облигацияларға тікелей инвестициялар;
- Инвестициялық деңгейдегі облигацияларға қолжетімділік

Жауапкершілікті шектеу

Бұл материалдар бағалы қағаздар сатып алу немесе сату ұсынысы ретінде қарастырылмауы тиіс. Бағалы қағаздарға инвестициялау туралы шешім қабылдаған кезде инвесторлар мен бағалы қағаздар нарығының басқа да қатысушылары өздерінің ой-пікірлері мен тәжірибелеріне сенулері тиіс. Осы құжатта берілген материалдар тек ақпараттық сипатта ғана және шынайы ретінде қабылданатын жария дереккөздерден алынған ақпаратқа негізделген. Осы құжатта сипатталған бағалы қағаздар барлық юрисдикцияларда немесе инвесторлардың белгілі бір санаттарына сатуға жатпауы мүмкін. Инвестициялардың құны азаюы да, сол сияқты артуы да мүмкін және инвесторлар бастапқы инвестициялаған сомаларын ақыр соңында жоғалтулары да мүмкін. Бұрындағы инвестициялық құралдардың бағалары мен инвестициялардың табыстылық көрсеткіштері келешектегі инвестициялардың нәтижелерін бағалау үшін бағдар бола алмайды. Шетелдік валюта бағамының өзгерістері де инвестициялар құнының азаюын немесе артуын тудыруы мүмкін. Инвестициялардың құнына немесе инвестициялардан алынатын табысқа әсер ететін басқа факторларға, өзгеден басқа, саяси, экономикалық, кредиттік және нарықтық тәуекелдер кіреді. Инвестициялау туралы шешім қабылдардың алдында инвестициялық консультация берушімен кеңесу қажет. Осы құжатта берілген ақпаратты компанияның жазбаша рұқсатынсыз кез келген мақсат үшін толық немесе жартылай көшіруге, қайта таратуға және жариялауға болмайды. Компания да, оның қандай да бір үлестес тұлғасы да үшінші тараптардың бұған қатысты әрекеттері үшін жауап бермейді. Қосымша ақпарат пен сүйемелдеу құжаттамасы сұраныс бойынша ұсынылады